

«БЕКІТЕМІН»
«С.Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық университеті» АҚ
Басқарма төрағасының бірінші
орынбасары



С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ет өңдеу эксперименттік-өндірістік цехының логотипі бойынша байқау ережесі

1. Байқаудың мақсаты:

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің (әрі қарай ҚАТУ) ет өңдеу эксперименттік-өндірістік цехының (әрі қарай Цех) логотипін әзірлеу.

Цехтың негізгі миссиясы: ет өңдеуге арналған қазіргі заманғы технологияларды қолдану арқылы студенттердің тәжірибелік дағдыларын жетілдіру және жеке ғылыми-зерттеу мен инновациялық жобаларды жүзеге асыру болып табылады.

Цехта шұжық өндірісін бастау жоспарлануда (пісірілген және жартылай сүрленген), ветчина және жеңсік ас деңгейінде.

Логотипті келесі мақсаттарда пайдалану болжануда:

1. жарнамалық, білім беру мақсаттағы акпараттарды жариялау кезінде;
2. шұжық өндірісі (пісірілген және жартылай сүрленген), ветчина және жеңсік асты орау кезінде;
3. цех ұсынған түрлі акпараттарға қолдану үшін;

2. Жазбалардың мазмұны және дизайнына қойылатын талаптар:

Логотип ретінде С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің атауы толық немесе қысқартылған нұсқада көрініс беретін (ҚАТУ, казак, орыс және ағылшын тілдеріндегі) түпнұсқа эмблемасы қабылданады.

Логотип Цехтың миссиясын айқындап, оның қызметін дамыту мақсатын, инновацияны енгізу және ҚАТУ-мен тұрақты ассоциацияны бейнелеуі тиіс.

Логотипте көрініс табатын идея ҚАТУ-дың танымал имиджін дамытуға сәйкес келу керек; басқа логотиптер арасында ерекшеленуін қамтамасыз етіп, ҚАТУ серіктестерінің арасында оң бағалауды, шығармашылық бірлікті қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

Байқауға ұсынылған логотиптерге қойылатын талаптар:

- ерекшелігі -- логотиптің барлық басқа логотиптерден ерекшеленуі;
- ассоциативтілік – логотип ерекшелігі ауыл шаруашылығы, білім беру, инновация және ҚАТУ-мен бірліктегі ізденісті, сондай-ақ шұжық, ветчина, ысталған ет және жеңсік астың жоғары сапасын бейнелеу керек.
- есте сақтау – логотиптің оңай есте қалуы және қажетті кезде қайта көрсетуге бейім болу керек;
- мазмұндылығы -- логотипке енгізілген қысқаша демонстрациялық және мазмұнды ақпарат;

Байқауға ұсынылған материалдар төмендегі талаптарды қамтуы тиіс:

- №1 қосымшаға сәйкес конкурста тіркеу үшін өтініш;
- жобалау - кем дегенде 300 рұқсаты бар JPEG форматында электрондық нысанда орналасуы, сондай-ақ 500-ден астам DPI-де;
- А4 форматында 1 беттен аспайтын көлемде MS Word форматында логотиптің негізгі элементтері мен жалпы идеясын ашып жазған түсініктеме хаты болу керек (кеңейту .doc).
- Логотип өлшемдері бірінде 1,5 см-ге дейін масштабтауға қабілетті болуы тиіс, сызықтар қалыңдығы кем дегенде 0,2 мм, түстер палитрасы CMYK , Pantone (түс коды көрсететін) және а/к нұсқасы;
- Бір адам ұсынған логотип жобаларының саны шектелмейді.

3. Байқауды өткізу мерзімі

Байқаудың басталуы - 21 желтоқсан 2016 жыл.

Байқауға материалдар 2017 жылдың 20 қаңтарына дейін қабылданады.

Қорытындылау 2017 жылдың 25 қаңтарда өтеді.

4. Байқауға материалдар ұсыну тәртібі

Байқауға материалдар мына электронды поштаға жіберіледі: e-mail: extension.katu@gmail.com.

Егер файл өлшемі 10 МБ асып кетсе, конкурста тіркелу үшін өтініште, файлдарды жүктеу үшін сілтемелерді көрсетіп, файл ортақтасуды пайдалану керек.

Қорытынды шыққан соң Байқау жеңімпазы жұмысты вектор түрінде әкелу керек болады.

5. Жеңімпазды анықтау тәртібі

Логотип байқауына ұсынылған жобаларды бағалау үшін, ҚАТУ Басқарма торағасын бұйрығымен конкурстық комиссия құрылып, жүзеге асырылатын болады.

Жеңімпаз байқау комиссияның мүшелері ашық дауыс беру жолымен анықталады.

Жеңімпазды анықтау келесідей талаптар арқылы белгіленеді:

- 1) Осы Ереженің шартымен логотиптің бейне бөлігінде Кеңсе миссиясы мен қажетті ассоциацияларының сәйкес болуы;
- 2) Логотиптің бірегейлігі және түпнұсқалылығы;
- 3) Ауқымдылығы - логотип кез-келген ауқымда мәнін жоғалтпауы тиіс.
- 4) Технологиялылығы - логотип, кез келген ортада сапасын жоғалтпай қайта басылуға тиіс. Басылым түрлі түсті немесе ақ – кара болуы мүмкін және оны әр түрлі орналастыруға болады (кағаз, экранда, баннер, матада және т.б).

6. Сыйақы қоры

Байқау жеңімпазы бағалы сыйлық – ұялы телефон немесе басқа тұрмыстық электр жабдығын алады.

Байқауға ұсынылған үш үздік жұмыс ҚАТУ Басқармасының төрағасы грамотасымен марапатталады.

7. Авторлық құқық

Байқауға ұсынылған барлық логотип жобаларының авторлары өз жұмыстарының құқығын сақтайды.

Байқауға жұмыстарын бере отырып, авторлар автоматты түрде ҚАТУ-ға жіберілген материалдарын қолдануға келісім береді.

Байқауға қатысушы жауапкершілігін жұмыстың авторлық құқығын сақтауды жұмысын конкурса жіберген қатысушы жауап береді.

Байқауға жіберілген материалдар жіберушілерге қайтарылмайды.

Барлық қосымша сұрақтар бойынша білім тарату кеңсесіне «Extension-KATU» мына нөмер бойынша хабарласуыңызды сұраймыз +7 7172 317-568 , немесе электрондық почтаға extension.katu@mail.com.



Қосымша №1

ӨТІНІШ

С.Сейфуллин атындағы казак агротехникалық университетінің ет өңдеу эксперименттік өндірісігік цехының логотип әзірлеу байқауына қатысушысы

Тегі, Аты,Әкесінің аты _____.

Туған күні _____.

Факультет, топ _____.

Жетекші оқытушысы (Өтініш оқытушы басшылығымен дайындалған болса), Аты-жөні, лауазымы, кафедра,факультет:

Телефон: _____.

Электронды почта _____.

Байқауға ұсынылған жұмыстардың саны _____.

Жүктеуге сілтеме (файл өлшемі 10МВ асатын болса)

« _____ » _____ 2017 г.

(қатысушының аты-жөні)